

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 2 қазандағы N 873 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 27 қаңтардағы N 63 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туын, Мемлекеттік Елтаңбасын және олардың бейнелерін, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Гимнінің мәтінін орналастыру ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 2 қазандағы N 873 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2007 ж., N 36, 410-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туын, Мемлекеттік Елтаңбасын және олардың бейнелерін, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Гимнінің мәтінін орналастыру ережесінде:

1 4 - т а р м а қ т а :

1) тармақша алынып тасталсын;

2) тармақша да :

"2 - 5" деген сандар "1, 2, 3, 4, 5" деген сандармен ауыстырылсын;
"ғимараттың төбесінде" деген сөздерден кейін "немесе фронтонында немесе ғимаратқа кіреберіс маңдайшада" деген сөздермен толықтырылсын;

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"3) 6, 7, 8, 9 қабатты (30 метрге дейін) ғимараттарда Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы ғимараттың төбесінде немесе фронтонында (1,5 x 3 метрден 2x4 метрге дейін өлшеммен) немесе ғимаратқа кіреберіс маңдайшада (1x2 метр өлшеммен) орналастырылады ; "

4) тармақшада "(2 x 4 метр немесе одан жоғары өлшеммен) ғимараттың төбесі деңгейінде немесе" деген сөздер "ғимараттың төбесінде немесе фронтонында (2x4 метр және одан жоғары өлшеммен) немесе" деген сөздермен ауыстырылсын;

2 1 - т а р м а қ т а :

1) тармақша "ғимараттың жабу деңгейінде" деген сөздерден кейін "немесе фронтонында немесе ғимаратқа кіреберіс маңдайшада" деген сөздермен толықтырылсын ;

2) және 3) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"2) 2, 3, 4, 5 қабатты (20 метрге дейін) ғимараттарда Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы соңғы қабаттың жабу деңгейінде немесе фронтонында (диаметрі 1-ден 1,5 метрге дейін) немесе ғимаратқа кіреберіс маңдайшада (диаметрі 500 миллиметр) орналастырылады ;

3) 6, 7, 8, 9 қабатты (30 метрге дейін) ғимараттарда Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы соңғы қабаттың жабу деңгейінде немесе фронтонында (диаметрі 2 метр) немесе ғимаратқа кіреберіс маңдайшада (диаметрі 500 миллиметр) орналастырылады ; " ;

4) тармақшада "(диаметрі 3 метр немесе одан жоғары) соңғы қабаттың жабу деңгейінде немесе ғимараттың кіреберіс маңдайшасында немесе фронтонында" деген сөздер "соңғы қабаттың жабу деңгейінде немесе фронтонында (диаметрі 3 метр және одан жоғары) немесе ғимаратқа кіреберіс маңдайшада" деген сөздермен ауыстырылсын .

2. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
К. Мәсімов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК